



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2. Грань – промежуточная фаза, в которой субъект приобретает некоторые двойственные черты;

3. Восстановление – приобретение «стабильного состояния» «структурного типа». Субъект на этой фазе вновь приобретает права и обязанности и вынужден строить свое поведение на основе общепринятых для его культуры и вновь приобретенного статуса норм и этических стандартов [4, С. 15].

На основе всего вышеуказанного можно сделать следующие выводы:

1. Обряд – сложный культурный феномен, обладающий такими характеристиками как комплексность, динамичность, устойчивость, структурность, символичность. Семантика обряда многослойна, часть ее недоступна самим участникам обряда. В то же время полноценное изучение обряда возможно лишь посредством «включения» в изучаемую культуру. Использование методов включенного наблюдения позволяет исследователю смотреть на изучаемый феномен одновременно и «со стороны» и «изнутри».

2. Функции обрядов могут быть различны. Так, выделяются различные обряды перехода, обряды, связанные с беременностью и родами, рождением и детством, различные обряды инициации, свадебные и похоронные обряды. Практически вся человеческая жизнь так или иначе связана с обрядами и если функции отдельных обрядов различаются, то функция обряда как явления – структуризация жизни. Кроме того, обряды выполняют и ряд других функций, среди которых можно выделить функцию опознавания («свой-чужой»), информационную (трансляция жизненного опыта), интегративную.

3. Полноценное изучение обряда в настоящее время возможно вести комплексными методами на стыке различных областей гуманитарного знания: культурная антропология, археология, языкознание. Методы всех перечисленных дисциплин имеют свои преимущества и ограничения, однако в совокупности позволяют получить более полную картину. Естественно, список дисциплин не ограничивается названными тремя.

Список использованных источников:

1. Топоров В.Н. Исследования по этимологии и семантике. Том I. Теория и некоторые частные ее приложения. — М.: Языки славянской культуры, 2004, 816 с.
2. Тэрнер В. Символ и ритуал. - М. - Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1983, 277 с.
3. Малиновский Б. Научная теория культуры / Бронислав Малиновский; Пер. с англ. И. В. Утехина; сост. и вступ. ст. А.К. Байбурина. 2-е изд., испр. — М.: ОГИ, 2005, 184 с.
4. Ван Геннеп А. Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. - М.: Восточная литература, 1999, 198 с.

ӘОЖ 81'367.625.431

КӨСЕМШЕНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (қазақжәне түріктілдеріндегі материалдар негізінде)

Камалашқызы Хамария
kamalashkyzy2014@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУТүркітану кафедрасының магистранті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –доктор PhD,аға оқытушы А.К.Купаева

Көсемше деп сөйлемдегі негізгі қимылдың жай-күйін, жанама қимылды білдіретін етістіктің бір түрі аталады [1, 384]. Мысалы, адамдар өмірге жылап келіп, жылатып кетеді. İnsanoğlu dünyaya ağlayarak gelir, ağlatarak gider. Айта-айта тіліміз тұтылды. Söyleye söyleye dilimizde tüy bitti. Бажырайып қарамашы. Бұл мысалдардағы негізгі етістіктер кетеді, тұтылды, қарамашы. Олар осы сөйлемдердегі субъектінің қимылын білдіріп, сөйлемнің

баяндауышы қызметінде қолданылған. Бұл сөйлемдерде жанама қимылды білдіріп тұрған етістіктер бар, олар: жылап -ағлауарак, айта -сөйлеуе, бажырайып. Бұл жанама қимылды білдіретін етістіктер негізгі қимылды суреттеп, олардың қалай жасалғанын көрсетеді. Осы жанама қимылды білдіретін етістіктер - етістіктің көсемше түрлері. Түрік тіліндегі атауы Zarf Fiiller (Bağ Fiil - Ulaç). Түрік тілінің сөздігінде берілген анықтамасы: Cümlede **zarf (belirteç)** göreviyle kullanılan eylemsilerdir. Doğrudan eylem kök veya gövdelerinden türetilibildikleri gibi ad eylem ve ortaçlardan (sıfat-fiillerden) çeşitli ekler ve edatlar yardımıyla da oluşturulabilirler. Bağ eylem, öbekleştiği (yan cümlecik oluşturduğu) sözcüklerle birlikte temel cümlede zarf tümleci görevi yapar. Sözcük türü olarak da **zarf (belirteç)** olarak değerlendirilir. Arka arkaya gerçekleşen eylemleri anlatmakta kullanıldığından "**bağ eylem**" olarak da adlandırılır. Ancak doğrudan bağlaç sayılması yanlış olur. Bu eklerin içinde sadece "**-ip**" eki bağlama görevlidir [2, 91].

Көсемшенің осы мағынасы мен қызметіне қарай оны үстеуге жақын деген пікірлер бар. В.В. Виноградов, Н.А. Баскаков, Н.Т. Сауранбаев, Түркиялық ғалымдардан Зейнеп Коркмаз, Мухаррем Эргиндерді атауға болады. Бірақ көсемше үстеуге ұқсағанымен, олардың үлкен айырмашылықтары бар. Мәселен,

1. Көсемше тек қимылды білдіреді, ол етістіктің – белгісі.
2. Көсемшенің жұрнақтары – тек етістікпен ғана қолданылатын жұрнақтар, ол көсемшенің етістік екенін білдіреді.
3. Үстеу – белгінің белгісін білдіретін сөз табы, көсемше қимылдың белгісін білдіреді.
4. Көсемше тек етістіктен жасалады, үстеу әр түрлі сөз табынан жасалады.
5. Көсемше тек етістікпен сөз тіркесін жасайды, үстеу сөз таптарымен тіркес жасай береді. (қасақана көзін қысты, былтырғыша осы ауылға, мұншама адам).
6. Көсемше есім сөзді меңгереді үстеуде ол қасиет жоқ [3, 233].

Көсемше мен үстеудің арасындағы бұл айырмашылықтар көсемшені етістік деп тануға дәлел бола алады. Сондықтан көсемшені етістіктің бір түрі деп айтуға болады. Демек, көсемшенің сөйлемдегі негізгі қимылды сипаттайтын жанама қимылды білдіретін етістіктің түрі екені анықталды, ол көсемшенің табиғатына сай негізгі мағынасы мен өзгерістерге ұшырап отыратыны белгілі. Бұл құбылыс көсемшеге де қатысты. Тілдің дамуына байланысты көсемше де түрлі өзгерістерге ұшыраған [3, 233].

Ғалымының бұл пікірін түрік ғалымы Гүрер Гүлсевин өзінің «Türkiye Türkçesinde Birleşik Zarf fiiller» деп аталатын мақаласында былайша тарқатады: көсемше тұлғалы етістік пен негізгі етістіктің тіркесі бара бара күрделі етістіктерді қалыптастырған. Сондықтан көсемше қазір күрделі етістік құрамындағы етістіктерді байланыстыру қызметін атқарады. Бұл қызмет көсемшеде сақталған. Осымен байланысты күрделі етістік құрамындағы етістіктерді байланыстыратын жұрнақты көсемше жұрнағы деп атаймыз. Мысалы,

- DİK + çA

Eski günlerimizi hatırla-dıkça gözlerim doluyor.

-(y)Ası + ya

Adamcağızı öldür-esiye dövdüler.

-(y)An + dA

Yaz gel-ende çıkam yayla basına.

-DİK + iyelik + cA

Elimden gel-diğince yardım ederim.

-DİK + iyelik + A

Her şeyi itiraf et-tiğimize memnun oldular.

-DİK + iyelik + dA

Çorbanızı bitir-diğinizde yola çıkarız.

DİK + iyelik + dAn

Geleceğinizi unut-tuklarından hazırlık yapmamışlar.

-(y)AcAK + iyelik + A

Lokantada pide yi-yeceğimize bize gelseydiniz.

-(y)AcAK + iyelik + dAn

Aksama dön-eceğimizden pijamalarımızı almamıştk. т.б. [4, 140].

Көсемшенің осы қызметіне байланысты сөйлем мен сөйлемді байланыстыру қызметі дамып, ол тілден кең орын алған. Мысыалы, Сол күні таң бозынан тұрып, атқа мініп, еді (Ж.Т.). Өз үйінен шығарып, төрде отырған әжесі Зерені де хабарландырып, сүйемелдеп ерте шықты (М.Ә.).

Түркі тілдерінің тарихын зерттеушілердің ойынша, түркі негіз тілінде көсемшелер бүгінгі тілдердегідей көп түрлі болмаған. Олай болса, бүгінгі түркі тілдерінде айтылатын көсемше тұлғаларының барлығы бірдей байырғы тұлғалар емес, олардың біразы тілдердің дамуы барысында әр түрлі тілдік өзгерістердің нәтижесінде қалыптасқан.

Көне түркі дәуірінен бері қолданылып келе жатқан -а, -е тұлғалы көсемшелер етістік баяндауыш білдіретін қимылмен бір мезгілде, бір мезетте болатын қимылды білдіреді де, сөйлем құрамында соның (етістік баяндауыштың) анықтаушысы болады. Бұл тұлға кейбір түркітілдерінде -йа, -йу, -йы, -йо, -й түрінде келеді. Көне түркі: йете, тутуну, башқұрт: хорай (сұрай-сұрай), қарайым: сөзлей (сөйлей-сөйлей), қарашай балқар: қарай, татар: башный (бастай береді); көне түркі: өлү, орта түрік: саклайу т.б. -йа, -йу, -йы варианттары көне түркі тілінде еркін қолданғанмен [Gabain 1988: 85], тілдердің жаңа кезеңдерінде олар қолданыстан ығыса бастағаны байқалады Түркі тілдерінің жаңа дәуірінде -а ме -й тұлғалары бірігіп, біртұтастыққа айналған. Сөйлей-сөйлей тәрізді етістіктер немесе үстеулер құрамынан сол біртұтастықты көреміз. Қазіргі түркі тілдерінің ешқайсысында да -й дербес қолданылатын қосымша есебінде көрінбейді [5, 187].

П.М. Мелиоранский бұларды өзара жақын деп қарайды.В.Т. Кондратьев бұлардың барлығын бір тұлғаның варианттары деп есептейді.

-п тұлғасы – көне түркі тілдерде де жаңа тілдерде де қолданылатын актив тұлға. Көне түркі тілінде бұл тұлға дауысты дыбыстан кейін -п, дауыссыз дыбыстан кейін -ып, -іп, -уп, -үп түрінде қолданылған [6, 84]. Қазіргі түркі тілдерінде негізінен -п, -ып, -іп сипатында қолданады. Дегенмен, кейбір тілдерде өзгеше варианттары ұшырасады. Әзірбайжан тілінің жеке говорларында -ыф, -уф, түркмен диалектілерінде -ыв, -ов, -ув варианттары кездеседі.

Сонымен қазіргі қазақ тілінде көсемше етістік түрлеріне (негізгі және туынды) немесе етіс, болымсыз етістік тұлғаларына мына жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

а, -е, -й жұрнағы арқылы ауыспалы осы шак, жасалады. Дауыссыз дыбысқа біткен сөздерге жуан буыннан кейін -а, жіңішке буыннан кейін -е, дауысты дыбысқа біткен етістікке -й жұрнақтары жалғанады: жаз-а, кул-е, сөйле-й, қара-й т.б.

-ып, -іп, -п жұрнағы арқылы өткен шак көсемше жасалады. Дауыссыз дыбысқа біткен етістіктерге жуан буыннан кейін -ып, жіңішке буыннан кейін -іп, дауысты дыбысқа біткен етістікке -п жұрнақтары жалғанады: жаз-ып, күл-іп, айт-ып, сөйле-п, қара-п т.б.

-ғалы, -гелі, -қалы, -келі жұрнағы арқылы көсемшенің үшінші түрі жасалады. Қазақ тіліндегі осы жұрнақтың негізі көне түркі тілінен бастау алады [Gabain 1988: 86]. Дауысты, үнді, ұяң дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін -ғалы, жіңішке буыннан кейін -гелі жалғанады да, қатаң дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін -қалы, жіңішке буыннан кейін -келі жалғанады: жаз-ғалы, бер-гелі, қара-ғалы, сөйле-гелі, айт-қалы, кет-келі т. -а, -е, -й және -ып, -іп, -п тұлғалы көсемшелер жіктеледі де, **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** тұлғалы көсемшелер жіктелмейді.

Көсемше тұлғасына көптік, септік, тәуелдік жалғаулар жалғанбайды.

Көсемшенің жіктелуі.

1-ж. мен жаза-мың, сөйлей-мін, барып-пын, келіп-пін.

2-ж. сен жаза-сың, сөйлей-сің, барып-сың, келіп-сің, сіз жа-за-сыз, сөйлей-сіз, барып-сыз, келіп-сіз

3-ж. ол жаза-ды, сөйлей-ді, барып-ты, келіп-ті

1-ж. біз жаза-мыз, сөйлей-міз, барып-пыз, келіп-піз

2-ж. сендер жаза-сыңдар, сөйлсй-сіңдер, барып-сыңдар, келіп-сіңдер. сіздер жаза-сыздар, сөйлей-сіздер, барып-сыздар, келіп-сіздер.

3-ж. олар жаза-ды, сөйлей-ді, барып-ты, келіп-ті.

Көсемше тұлғасына мынадай жіктік жалғаулары жалғанады. I-жақ жекеше -а, -е, -й тұлғасынан кейін -мын, -мін, -ып, -іп, -п тұлғасынан кейін -пын, -пін, көпше -мыз, -міз және -пыз, -піз, II-жақ жекеше анайы. Екеуінде де -сық, -сік, сыпайы -сыз, -сіз, көпше анайы -сындар, -сіндер, сыпайы -сыздар, -сіздер, III-жақ жекеше де, көпше де -а, -е, -й тұлғасынан кейін -ды, -ді, -ып, -іп, -п тұлғасынан кейін -ты, -ті болып жалғанады.

Қазіргі түрік тілінде есімшелер мен көсемшелерді ортақ бір атаумен **eylemsiler** деп атайды. Етістіктен жасала отырып, толықтауыш қызметін атқаратын және болымсыз түрі жасалатын, бірақ жіктелмейтін сөздер есімше, көсемше деп аталады. **Eylemsiler** түрлі жалғаулар алып, сөйлемде түрлі қызмет атқарады. Осыған байланысты оларды үшке бөліп қарастырады: **eylemlikler**, **ortaçlar** және **ulaçlar**. Қазақ тілінде есімше және көсемше деп қарастырамыз. Бірақ, түрік тілінде сын есімді етістікті **ortaçlar** деп атаса, үстеуден жасалған етістікті **ulaçlar** деп атайды. Ал, қазақ тіліндегі бұл екеуінің баламасы **есімше**, **көсемше** түрінде болады.

Түрік тіліндегі көсемшелерді мағынасына қарай үш үлкен топқа бөліп қарастыруға болады (7, 300):

1. Байланыстырушы көсемшелер (Bağlama Ulaçı). Етістікке **-ıp** [-ip, -üp, -up; -(y)ip, -(y)ır...] жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Жалғаулыққа ең жақын көсемше түрі. Мысалы:

- *Sandallara binip gittiler. (... bindiler ve gittiler.)*
- *Kır at, yanımızdan süzülüp geçti. (... süzüldü ve geçti.)*

2. Жағдай көсемшелері (Durum Ulaçları). Етістіктерге **-erek**, **-a**, **-e**, **-meden**, **-meksizin**, **-asıya** сияқты жұрнақтар жалғану арқылы жасалған көсемшелер жағдай үстеулері қызметін атқарады және қалай деген сұраққа жауап береді. Мысалы:

- *İnsanoğlu dünyaya ağlayarak gelir, ağlatarak gider.*
- *Söyleye söyleye dilimizde tüy bitti.*

3. Уақыт көсемшелері (Zaman Ulaçları). **-dikçe**, **-diğinde**, **-eli**, **-ir** - **mez**, **-inceye dek**, **-ken** сияқты жұрнақтар арқылы жасалған көсемшелер. Сөйлем құрамында қашан? деген сұраққа жауап береді. Мысалы:

- *Güldükçe yüzünde güller açılıyor.*
- *Aklıma geldikçe utanıyorum.*

-ken (iken) көсемше жұрнағы да етістіктермен бірге есім сөздерге де жалғана отырып уақыт мағыналы көсемше жасауда қолданылады. Аталған көсемше формасы көне түркі тілінде етістік түбіріне **-ар**, **-ер** жұрнағы жалғанып барып қолданылғанын көруге болады [Gabain 1988: 87]. Түрік тілінде **-ken** жұрнағы арқылы жасалған көсемшелерге мысал ретінде:

- *Tam anlaşacakken adam, satmaktan vazgeçti.*
- *Irmaktan geçerken at değiştirilmez.*

Қорытындылай келе, көсемшелер етістіктің тікелей жіктелмейтін тұлғалары. Олардың екінші бір ерекшелігі көсемшелер белгілі бір шақты білдірмейді, екінші сөзбен айтқанда, олар белгілі бір шақтық мәнмен астасып, ынғайласып отыратын қимылды білдіреді, өзінен бұрынғы, өзінен мезгілдес, өзінен кепйінгі іспен астасып, айтылу арқылы сол қимылдың мезгілін айқындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
2. Пүскүллуғолу А. Аркадаш түрікше сөздік. – Анкара: Аркадаш, 1994. – 1215 б.
3. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Жалын, 2002. – 65 б.
4. Gülsevin, Güner. Türkiye Türkçesinde Birleşik Zarf fiiller. Sosyal Bilimler Dergisi, 125-143 s.
5. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.
6. von Gabain, A. Eski Türkçenin Grameri. – Ankara, 1988.
7. Hengirmen, Mehmet. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara, 2002.